

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІНІҢ  
ТАУАРЛАР МЕН КӨРСЕТИЛЕТІН  
ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ САПАСЫ МЕН  
ҚАУІПСІЗДІГІН БАҚЫЛАУ КОМИТЕТІ  
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ ТАУАРЛАР  
МЕН КӨРСЕТИЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ  
САПАСЫ МЕН ҚАУІПСІЗДІГІН  
БАҚЫЛАУ ДЕПАРТАМЕНТІ»  
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК  
МЕКЕМЕСІ



РЕСПУБЛИКАНСКОЕ  
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ  
«ДЕПАРТАМЕНТ КОНТРОЛЯ КАЧЕСТВА  
И БЕЗОПАСНОСТИ ТОВАРОВ И УСЛУГ  
ГОРОДА АЛМАТЫ КОМИТЕТА  
КОНТРОЛЯ КАЧЕСТВА И  
БЕЗОПАСНОСТИ ТОВАРОВ И УСЛУГ  
МИНИСТЕРСТВА ЗДРАВООХРАНЕНИЯ  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

050010 Алматы қаласы, Жібек жолы д-лы, 5  
тел.: 8 (727) 382 35 15, факс: 8 (727) 382 35 56

050010 город Алматы, пр. Жибек жолы, 5  
тел.: 8 (727) 382 35 15, факс: 8 (727) 382 35 56

БАС МЕМЛЕКЕТТІК  
САНИТАРИЯЛЫҚ ДӘРІГЕРІ

ГЛАВНЫЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ  
САНИТАРНЫЙ ВРАЧ

ҚАУЛЫСЫ

01.08.2020 ж. №55

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

№55 от 01.08.2020 г.

Алматы қаласының аумағында  
қатаң шектеу шараларын  
одан әрі жалғастыру туралы

COVID-19 коронавирустық инфекциясының таралуының алдын алу мақсатында (бұдан әрі – «Пайда болу және таралу қаупі төнген кезде шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілетін инфекциялық аурулардың тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 25 ақпандағы № 130 бүйріғына және «Қазақстан Республикасының аумағында шектеу іс-шараларын, оның ішінде карантинде жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 239 бүйріғына сәйкес, **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Алматы қаласының аумағында 2020 жылдың 03 тамыздың сағат 00.00-ден бастап 17 ші тамыздың 00.00 сағатқа дейін қатаң шектеу шаралары енгізілсін.

2. Алматы қаласының әкімдігіне, Алматы қаласы қалалық мобильдік басқармасына:

- 1) қалалық және қала маңындағы қоғамдық көліктердің жұмысын сенбі, жексенбі және мереке күндері, оның ішінде тұрақты автобус, троллейбус, қала маңындағы темір жол байланысы мен метрополитенді тоқтатуға;
- 2) жұмыс күндері қоғамдық көліктердің салондарын 50% -дан аспайтын толтырылуымен 100% жоспарлы шығуын қамтамасыз етуге;

01805

3) қоғамдық көлікті күн бойы әрбір айналымдық рейстің жүйелілігімен дезинфекциялауды қамтамасыз ету.

**3. Алматы қаласының әкімдігі, Алматы қаласы аудандары әкімдерінің аппараттары, Алматы қаласының полиция департаменті, мемлекеттік және үкіметтік емес ұйымдар, Алматы қаласының кәсіпкерлік субъектілерімен қамтамасыз етілсін.**

1) Осы қаулының 3-тармағының 8-тармақшасына сәйкес меншік нысанына қарамастан барлық ұйымдарда жиналыстар, кенестер, конференциялар, форумдар, семинарлар, съездер, көрмелер, тренингтер, оқыту курсарын және адамдар көп жиналатын басқа да іс-шараларды, сондай-ақ отбасылық, естелік іс-шараларды (банкеттер, үйлену тойлар, мерейтойлар, еске алулар т.б.), соның ішінде үйде және адамдар көп жиналатын басқа да іс-шараларды, соның ішінде ашық ауада өткізуге тыйым салу;

2) мәдениет объектілерінің, мұражайлардың, театрлардың, көрмелердің және адамдар көп жиналатын басқа да объектілердің қызметіне тыйым салу;

3) діни объектілердің (мешіттер, шіркеулер, соборлар, синагогалар және т. б.) қызметін тоқтата тұру;

4) балаларды сауықтыру лагерьлерінің, білім беру орталықтарының, балалардың түзету кабинеттерінің, мектепке дейінгі балалар мекемелерінің (кезекші топтардан басқа), балалардың бос уақыты мен қосымша оқыту орындарының қызметіне тыйым салу;

5) ұлттық олимпиадалық комитет аккредиттеген спорттық базаларды қоспағанда, барлық спорт объектілерінің (спорт аландары, кешендер, үйірмелер, секциялар, бассейндер және т. б.) қызметіне тыйым салу;

6) қаланың тыныс-тіршілігін қамтамасыз ететін ұйымдар мен кәсіпорындар қызметкерлерінің тұратын объектілерін қоспағанда, күшеттілген санитарлық-дезинфекциялық режимді сақтай отырып, халықтың (қонақ үйлер, демалыс үйлері, туристік базалар және т.б.) тұруы бойынша қызмет көрсету саласындағы туризм объектілері мен ұйымдардың қызметіне рұқсат беру. Көрсетілген объектілерді медициналық ұйымдар етіп қайта бейіндеуге жол беріледі;

7) 65 жастан асқан адамдардың қозғалысын шектеу;

8) көліктің кез келген түрінде ұлттық саябақтардың, танымал туристік және тау нысандарының (Медеу, Бутаковка, Алма-Арасан, оның ішінде радон көзі) аумағына шығуға тыйым салу. Демалыс күндері (сенбі және жексенбі) ұлттық саябақтар келушілер үшін жабық. Жаяу серуендеуге тек жұмыс күндері келесі ережелерді сақтай отырып рұқсат етіледі: тамақ өнімдерін(сузындардан басқа) алып өтуге, пикниктер жасауға және от жағуға

ұзілді-кесілді тыйым салынады; парктің аумағында үш адамнан астам топ болуына тыйым салу; әлеуметтік дистанциялаудың санитариялық схемаларын сактау (бетперде кио және адамдар арасындағы қашықтықты сактау).

9) 3 адамнан аспайтын жеке немесе бір отбасы мүшелерін қоспағанда, табигатка экскурсиялық, корпоративтік, топтық шығуларды өткізуге тыйым салу;

10) ашық ауада жеке жаттығуларға рұқсат;

11) өнірлер арасында жеке автокөліктің жүріп-тұруына рұқсат беру.

#### **4. Алматы қаласының кәсіпкерлік субъектілерінің басшылары:**

1) сауда-ойын-сауық орталықтарының, сауда үйлерінің, сауда желілерінің, оларда орналасқан азық-тұлік супермаркеттерін, дәріханаларды және жазғы террассалары мен жеке кіретін есігі бар стационарлық тамактану обьектілерін қоспағанда, қызметіне тыйым салу;

2) ойын-сауық мекемелерінің (караоке, кальян, билльярд, компьютерлік клубтар, букмекерлік кенселер, Тұнгі клубтар, боулинг-орталықтар, аттракциондар, балалардың ойын аландары, батуттар және басқалар), кинотеатрлар қызметіне тыйым салу;

3) фудкорттар, банкет залдарының қызметіне тыйым салу;

4) күшейтілген санитариялық-дезинфекциялық режимді сақтай отырып, ұжымдық іс-шараларды өткізбей, ашық ауада 30 отыратын орыннан аспайтын қоғамдық тамақтандыру обьектілерінің қызметіне рұқсат беру, жұмысты 08.00-ден 22.00 сағатқа дейін шектеу. Шығаруға және жеткізуге рұқсат етіледі;

5) косметикалық және косметологиялық қызмет көрсететін СПА-орталықтардың, тренажер залдарының, фитнес-орталықтардың, спорттық-сауықтыру орталықтарының, бассейндердің, қалалық, қоғамдық жағажайлардың, аквапарктердің, қоғамдық моншалардың, сауналардың, сүлүлік салондарының, шаштараздардың, орталықтар мен салондардың, маникюр мен педикюр қызметтерінің, массаж кабинеттерінің қызметіне тыйым салу;

6) жабық азық-тұлік және азық-тұлік емес базарлардың қызметіне тыйым салу;

7) жеткізуді қоспағанда, азық-тұлік емес дүкендердің 500 м<sup>2</sup>-ден астам қызметіне тыйым салу;

8) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің актісіне сәйкес уақыты мен саны бойынша шектеулі Қаржы нарығы субъектілерінің қызметіне рұқсат беру;

9) қызметкерлердің кемінде 50%-ын қашықтан жұмыс режиміне ауыстыра отырып және күшейтілген санитариялық-дезинфекциялық режимді сақтай отырып, онлайн форматта барынша қызмет көрсете отырып, Халыққа қызмет көрсете орталықтарының жұмысын сағат 09.00-ден 16.00-ге дейін ұйымдастыру;

10) күшейтілген санитариялық-дезинфекциялық режимді сақтай отырып пошта және қаржылық қызметтер көрсете үшін жұмыс күндері сағат 09.00-ден 17.00-ге дейін жұмыс кестесін белгілеумен «Қазпочта» АҚ «Алматы почтамты» АҚ-ның жұмысын ұйымдастыру;

11) ұздіксіз өндірістік циклі бар өнеркәсіптік кәсіпорындардың қызметі; күшейтілген санитариялық-дезинфекциялық режимді сақтай отырып, ашық ауадағы құрылыш жұмыстары;

12) күшейтілген санитариялық-дезинфекциялық режимді сақтай отырып, халыққа байланыссыз қызмет көрсете жөніндегі объектілердің (автомобиль жуу, автомобильдерді, тұрмыстық техниканы жөндеу, химиялық тазалау және басқалар) қызметін сағат 10:00-ден 17:00-ге дейін шектеу;

13) жұмыс және демалыс күндері жұмыс кестесін белгілей отырып, бизнес-орталықтардың (сақтандыру компаниялары, нотариус, бухгалтер және консалтинг, жылжымайтын мүлік жөніндегі агенттіктер, жарнама агенттіктері және т. б.), айырбастау пункттерінің, ломбардтардың жұмысын ұйымдастыру сағат 9.00-ден 17.00-ге дейін;

14) аймақтау талаптарын және күшейтілген санитариялық-дезинфекциялық режимді сақтай отырып, медициналық орталықтардың (жазба бойынша) қызметіне рұқсат беру;

15) күшейтілген санитариялық-дезинфекциялық режимді сақтай отырып, дәріханалардың, азық-түлік дүкендерінің (шагын маркеттер, супермаркеттер, гипермаркеттер), азық-түлік және азық-түлік емес базарлардың (ғимараттардан тыс) қызметіне рұқсат беру.

16) техникалық және медициналық оттегін өндірушілер қалалық ауруханаларды ұздіксіз медициналық оттегімен жабдықтауда бірінші кезекте және басымдықты қамтамасыз етсін.

## **5. Мемлекеттік органдардың (ұйымдардың, кәсіпорындардың), квазимемлекеттік сектор органдарының, ұлттық компаниялардың, өзге де ұйымдардың, сондай-ақ кәсіпкерлік субъектілерінің басшылары:**

1) кемінде 80% Қызметкерлерді қашықтықтан жұмыс нысанына ауыстыру(штат кестесі 30-дан астам қызметкер болғанда);

2) Әлеуметтік қашықтықты және күшейтілген санитариялық-дезинфекциялық режимді сактау, аймақтарға бөлу талаптарын сақтай отырып, алдын ала жазылу бойынша қызметтер көрсете;

3) қаланың тіршілігін қамтамасыз ету жөніндегі ұйымдардың басшыларына осы мәселені жеке тәртіpte шешсін.

**6. Алматы қаласының әкімдігі, ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Алматы қаласы бойынша департаменті (мемлекеттік органдар бөлігінде), Алматы қаласы аудандары әкімдерінің аппараттары, Алматы қаласының Кәсіпкерлер Палатасы осы Қаулының 5 тармағының 1 тармақшасы талаптарының орындалуына мониторинг пен бақылауды қамтамасыз етсін.**

**7. Алматы қаласының әкімдігіне, мемлекеттік органдарға, ұйымдарға, құқық қорғау және арнайы органдарға қамтамасыз ету:**

1) Қарттар мен мүмкіндігі шектеулі адамдарға арналған медициналық, медициналық-әлеуметтік объектілерде, бұлдіршіндер мен балалар үйлерінде, жасөспірімдер үйлерінде, оңалту орталықтарында, интернат үлгісіндегі мүгедек балаларға арналған оқу орындарында карантин және санитариялық дезинфекциялық режимді сақтау;

2) Осы қаулының 7-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген ұйымдарда Алматы қаласы тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау департаменті профилактикалық ПТР-тестілеуді өткізу жоспарына енгізсін.

**8. Меншік нысанына қарамастан ұйымдар, кәсіпорындар басшыларына:**

1) маскаларды, қолғаптарды (Халыққа қызмет көрсету кезінде) кию және антисептикерді пайдалану жөніндегі талаптарды қатаң сақтау. Халыққа қызмет көрсететін объектілерді уақтылы ауыстыру үшін бір реттік маскалармен және қолғаптармен және температуралы өлшеуге арналған бұйымдармен қамтамасыз ету;

2) барлық объектілерде күшейтілген дезинфекциялық режимді (қолды, дезкриктерді өндеуге арналған санитерлерді орнату, күніне кемінде екі рет беттерді өндеу, дезинфекциялық құралдарды қолдана отырып, үй-жайларды ылгалды жинау, желдету) қамтамасыз ету;

3) персонал мен келушілердің санитариялық-карантиндік және шектеу шарапарының талаптарын сақтауын қамтамасыз етуге міндетті.

**9. Алматы қаласы тұрғын үй саясаты басқармасы:** алтасына 3 рет көп пәтерлі тұрғын үйлердің кіреберістері мен аула аумақтарына, сондай-ақ көшелер мен жалпы пайдаланылатын орындарға, көп пәтерлі тұрғын үйлердің ошақтық кіреберістеріне дезинфекциялық өндеу жүргізуі қамтамасыз етсін. "Алматы қаласы бойынша дезинфекция орталығы "ШЖҚ РМК филиалы жүқтүрган адамның тұрғылықты жері мен жұмыс орны бойынша қорытынды дезинфекциялық өндеу жүргізуі қамтамасыз етсін.

**10. Алматы қаласының тауарлары мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау департаменті, Алматы қаласы аудандары әкімдерінің аппараттары, Алматы қаласының Қесіпкерлер Палатасы мыналарды қамтамасыз етсін:** жұмыс істеп тұрған объектілер мен қоғамдық орындарда шектеу шараларының сақталуына мониторинг және бақылау жүргізу. Бұзушылықтар анықталған жағдайда Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодекске сәйкес тиісті әкімшілік шаралар қолданылсын.

**11. Алматы қаласының тұрғындары мен қонақтарына:**

1) жұмыс және қоғамдық орындарда (сауда объектілері, көшелер, саябақтар, әуежай және т. б.), қоғамдық көліктегі маскалық режимді және әлеуметтік қашықтықты сақтау;

2) адамдарды шакырумен және шоғырландырумен байланысты кез келген іс-шараларды өткізуге тыйым салынсын (туған күндер, мерейтойлар, тои, еске алу және т. б.).

**12. Алматы қаласы әкімі аппаратының жұртшылықпен байланыс жөніндегі қызметіне, Алматы қаласының қоғамдық даму басқармасына, Алматы қаласы Төтенше жағдайлар департаментіне, Алматы қаласы аудандары әкімдерінің аппараттарына және басқа да мүдделі органдарға:** қабылданған шаралар бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізсін.

**13. Алматы қаласының әкімдігі мен Алматы қаласы тауарлары мен көрсетілетін қызметтерінің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау департаменті қабылданған шараларды Алматы облысымен үйлестіруді қамтамасыз етсін.**

**14. Құші жойылды деп танылсын:**

1) «19.07.20 ж. №49 БМСД Қаулысына өзгерістер енгізу туралы» 24.07.2020ж. №52 БМСД Қаулысы.

**15. Осы қаулы Алматы қаласының аумағында меншік нысанына қарамастан барлық жеке және занды тұлғалардың орындауы үшін міндетті.**

**16. Осы қаулының орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.**

**17. Осы қаулы 2020 жылдың 03 тамыздың 00 сағат 00 минуттан бастап күшіне енеді.**

**Алматы қаласының  
Бас мемлекеттік  
санитариялық дәрігері**

**Ж.Бекшин**